

Әбдігулова Б. Қ.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Әлем тарихы кафедрасы», п.ғ.д., профессор  
Алматы қ., Қазақстан

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТАРИХИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*Аңдатпа*

Мақалада тарихи пәндерді жаңартылған оқу бағдарламасымен оқытуда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылады. Тарихи пәндерді оқытудың басты мақсаты оқушылардың бойында «тарихи тұрғыдан ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін белсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың қажеттілігі сипатталады.

Жаңартылған тарихи білім беру үдерісінде оқушыларды елжандылыққа баулу, тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі мен қызметін дәріптеуге бағдарлау арқылы әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға назар аударылған.

**Түйін сөздер:** білім беру реформасы, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, білім-құндылық, жүйе, үрдіс, нәтиже, жаңартылған білім мазмұнының моделі, тарих пәнінің оқу- әдістемелік кешені.

*Abdugulova B.K.,<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*d.p.s., professor of the Institute of History and Law at Abai KazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

## EFFECTIVE METHODS AND TECHNIQUES OF TEACHING HISTORICAL SUBJECTS IN THE UPDATED EDUCATIONAL PROGRAM

*Abstract*

The article addresses relevant issues of teaching in schools of historical subjects on the updated program, its goals, objectives, requirements, methods and techniques. The application of interactive methods and methods of organizing the educational process are considered at the example of teaching "History of Kazakhstan" and "World History".

**Key words:** education reform, competitiveness, high-quality education, education is a value, system, process, result, model of the updated content of education, academic and methodological complex on history.

*Абдуғулова Б. Қ.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *д.п.н., профессор, Институт Истории и право при КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКИХ ПРЕДМЕТОВ В ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

*Аннотация*

В статье рассматриваются актуальные вопросы обучения в школах по обновленной программе исторических предметов, используемые эффективные методы и приемы. На примере обучения истории рассмотрены применение интерактивных методов и формы организации учебного процесса.

**Ключевые слова:** реформа в образовании, конкурентоспособность, качественное образование, образование – ценность, система, процесс, результат, модель обновленного содержания образования, учебно-методический комплекс по истории.

Білім беру жүйесіндегі реформалар мектептегі тарихи пәндердің мазмұны мен оқыту әдістері және бағалау тәсілдеріне елеулі өзгерістер әкелді.

Тәуелсіздік жағдайында тарих пәнінің стандартына сәйкес Дүние жүзі тарихы мен Қазақстан тарихының 5-11 сыныптарға арналған жаңа бағдарлама, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері дайындалды.

Жаңартылған оқу бағдарламасында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың басты мақсаты оқушылардың бойында «тарихи тұрғыдан ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдіс-тәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, жоба әдісі, концептуалды оқыту) қолдану қажет. «Тарихи тұрғыдан ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді.

Бұл қабілетке ие болу арқылы оқушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс», - деп атап көрсетілген «Әдістемелік-нұсқаулық хат» 2016-2017 оқу жылы бойынша [ 1; 2].

Тарихты оқыту процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

- оқушылардың білім алуы «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;
- оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- оқушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану ұсынылады [1; 2; 3; 4;5].

Тарих пәнін оқыту үдерісінде мұғалімдер тәжірибесінде жиі қолданылатын оқыту технологияларын қысқаша сипаттайық.

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниев дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Л.В. Занков, Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдов дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амонашвили ізгілікті тұлғалық технологиясы, М.Чошанов, М.Жампейісова проблемалық-модульді оқыту технологиясы, В.М. Монахов, В.П. Беспалько оқыту технологиясы, Ж.Қараев пен Ж.Кобдикова саралап-деңгейлеп оқыту технологиясына қатысты және басқа да ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнында оқиғалар, фактілерді толық зерделеуден гөрі, оларды пайымдауға ерекше назар аударылып, оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту көзделген.

Оқушыларға сапалы білім беру үдерісі олардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынып, түсінуі және оны күнделікті өмір тәжірибесінде қолдануға бағытталған. Бұның өзі оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы», яғни кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік жасайды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының аясында, құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады» делінген.

Осыған сай, «Қазақстан тарихынан» жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушыларда қалыптастыруға қажетті төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған (1-кесте):

1-кесте. Құндылықтар мен дағдылар

1	Құндылықтар	Дағдылар
2.	шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; -өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; -денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; - өмір бойы оқуға дайын болу.	сын тұрғысынан ойлау; - білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; - проблемаларды шешу қабілеті; - ғылыми-зерттеу дағдылары; - қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); - жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; - АКТ саласындағы дағдылар береді [3].

2-кесте. Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

1	бірқатар тақырыптық бөлімдерді ірілендіру арқылы пәннің мазмұны оңтайландырылып, оқушылардың тарихи сана-сезім, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетін материалды оқып үйренуге арналады;	Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасындағы тақырыптардың құрылымы мен оқыту бірізділігі Қазақстан тарихын жалпы қабылданған дәуірлерге бөлу негізінде әзірленген және төмендегідей астарларды қарастырады: - әлеуметтік қатынастардың дамуы; - мәдениеттің дамуы; - мемлекеттің дамуы; - Қазақстанның экономикалық дамуы.
---	--	--

2.	Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі болғандықтан, пәнаралық байланысты күшейту арқылы, Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер мәнмәтінінде қарастыруға және оқу материалын қосарлаудан аулақ болуға жағдай жасалған;	Жаңартылған тарихты оқу бағдарламасында оқушылардың сабақта зерттеу қызметін ұйымдастыруға баса назар аударылады. Зерттеу қызметін ұтымды ұйымдастыру мұғалім мен оқушының белгілі бір тарихи мәселенің шешімін бірлесіп іздестіру арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуі көзделеді. Мұндағы күтілетін нәтиже тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады, яғни болжам ұсыну, зерттеу үшін сұрақтар құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытындылар мен тұжырымдар қалыптастыру, өзіндік ұстанымын анықтау, т.б. Оқытудың мұндай зерттеулік тәсілі оқушыларға сырттай жеке-жеке құбылыстар мен фактілердің арасындағы өзара байланысты және тарихи үдерістің тұтас көрінісін көруге мүмкіндік береді [6].
3	Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі болғандықтан, пәнаралық байланысты күшейту арқылы, Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер мәнмәтінінде қарастыруға және оқу материалын қосарлаудан аулақ болуға жағдай жасалған;	<i>Спиральді оқу бағдарламасы</i> Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1962) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Ғалымның тұжырымдауынша, адамның танымдық қабілеті шартты түрде үш сатыдан тұрады: - белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу); - бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу); - таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу). Джером Брунердің жұмысына негізделген спиральді оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері: - оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; - әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; - жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады [6].

Тарихи пәндерді оқытуда мынадай педагогикалық әдіс-тәсілдер пайдаланған тиімді:

- оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ой-пікірлерін айту, гипотеза ұсыну, жоспарлау, зерттеу жүргізу, дәлелдеу қабілеттерін дамытатын ынталандырушы–проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;

- белгілі бір тақырып бойынша «миға шабуыл», «жобалау» т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсынуы, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

- сабақта оқушылардың белсенділігін арттыратын қоғамдық және құқықтық проблемаларды талқылау;

- ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды тиімді пайдалану, презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар жасау, сандық білім беру ресурстары материалдарын қолдану ұсынылады [1; 2; 3; 4].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымында технологиялық тәсілге қызығушылық арта түсті. Өскеген ұрпақтың білім сапасын арттыру мақсатында педагогикалық технологияларды пайдалану талпыныстары көптеген педагогтар мен тәжірибелі мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеуді жүйелі, тиімді, ұйымдастыруға деген ұмтылыстарынан туындады [1].

Тарихты оқыту үдерісінде жаңа технологияны пайдалану барысында мұғалім алдымен өзі бір әдіс-тәсілді оқып-танысып, тиімдісін өзінің шеберлігіне қарай іріктеп, таңдайды. Замануи технологияны ұтымды пайдалануда оқушыға деген көзқарас пен қарым-қатынаста, оны объект деп қарамай, бүгін оны субъект субъект қатынаста қарастырылады. Оқушы дамытушы тұлға ретінде қабылдап, олармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы осыған лайық өзгерістерге ұшырады. Сөйтіп, қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындады.

Тарихи білім беру үрдісінде пайдаланылатын педагогикалық технологияның түрлері:

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту.

Тарихты оқытуда сыни ойлау - сенім («Не нәрсеге/кімге сенуім керек?») мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану[5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 12; 13; 14; 15].

Проблема шешуде қолданатын ойлау - жүйелі талдауды қажет ететін ойлау процесі, мұнда бұрынғы білім білмейтінді анықтау үшін қолданылады (эвристика). Ойлаудың бұл түрі бақылау, қорытындылау, жалпыламалау, жорамалдау (гипотеза құру) мен оны тексеру секілді әрекеттер іске асырылады. Мәселелер арасында байланыстар анықталынады.

Шығармашылық ойлау проблеманың қиял мен фантазия, елестету арқылы вариациялары көп шешімдерін келтіруге бағытталған.

Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Ағылшын тілінен аударғанда, «кейс» сөзі «жағдай»,

«оқиға» дегенді білдіреді. «Кейс» деген сөз жағдаятты (ситуацияны) сипаттауды, суреттеуді білдіреді. Ғалымдардың тұжырымындауынша, ол қандай да бір субъектің (мәселен, ұжым, аймақ, т.б.) тарихын (пайда болуы мен дамуы) және даму нәтижелерін сипаттайды. Белгілі жағдайды талдау – нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдауды көздейді.

Ғылыми-педагогикалық еңбектерде ғалымдар кейс-стади әдісі туралы төмендегідей пікір білдіреді. Case-study - таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс болып табылады. Ол нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кездесетін түрінде қайталауға, «ойнап» шығуға негізделеді. Кейс-стадиді кейде «нақты оқу ситуациялар әдісі» деп те атайды [11; 12; 13; 14; 15; 16; 17; 18; 19; 20; 21; 22].

Кейс-стади дегеніміз – кейстерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын сабақтың нысаны (формасы).

Кейс-стади әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы студенттер ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады.

Кейс әдісінің ерекшелігі мен тиімділігі :

- Проблемалық ситуация бір тақырып немесе бір пәннің мазмұнымен шектелмейді, басқа пәндердің проблемалары мен мәселелерімен тығыз байланыста болады. Кейс-стадиде білім алушы пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын көрсете білуге жаттығады.

- Оқушылар пән бағдарламасында сипатталған тұжырымдар, идеялар мен тәсілдерді түсінетіндігін, оларды нақты ситуацияны талдау мен ұсыныстар жасау үшін қолдана білетіндігін көрсете білуі қажет. Үйренушілер проблемалық ситуацияны интерпретациялаудың (өзіндік тұрғыдан түсінудің) бірнеше жолы болатындығына дайын болуы керек.


- Ситуацияда бірнеше шешілмеген мәселені, оқушылар бір проблеманың шешімін тапқан соң, басқа да проблемаларды іздестіріп, оларды талдаудың бағыттарын анықтайды.

- Оқушылар өз шешімдері мен ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдеу үшін өздерінің жеке тәжірибесінен мысалдар келтіреді [19; 20; 21; 22].

Тарихты оқыту мен білім беру үдерісінде проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың маңызы зор.

Проблемалық оқыту технологиясының негізінде проблемалық баяндау әдісі. Бұл әдістің негізіне оқушыларға проблемалық ситуация жасау арқылы (яғни, проблема қою), проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар қою, танымдық тапсырмалар беру және оған оқушының жауап беруге немесе проблеманың болжамын шешуге (әрекет жасауы, жолдарын ізденуі) тырысуы алынады. Бұл әдіс оқушының танымдық-шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал жасайды. Оқушылардың шығармашылығы проблемалық ситуациядан басталады (3).

Кесте-3. Проблеманың шешілу кезеңдері



Жаңартылған бағдарлама бойынша дайындалған мұғалімдерге арналған нұсқаулықта мынадай мәселелер атап көрсетілген.

Ұжымдық дәлелдеу – бірлескен тұлғааралық өзара әрекетті өрбітуге көмектесетін педагогикалық құрал. «Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерін оқыту барысында оқушылардың дәлелдеуді қолдану дағдылары (ақпарат дереккөздерін талдау, өздерінің зерттеу нәтижелерін таныстыру және талқылау) сыныптан сыныпқа көшу шамасына қарай күрделеніп отырады. Дәлелдеумен қатар дағдылардың бірі – проблемаларды шешу. Поляның (Ролуа, 1945) тұжырымдауынша, проблемаларды шешу – бұл:

- шынайы проблемамен айналысу; мәселе туралы болжам жасау, зерттеу және мағынасын түсіну;
- рәсімдерді есте сақтау ғана емес, сонымен қатар, шешімдерді іздеу;
- формулаларды есте сақтау ғана емес, сондай-ақ үлгілерді зерттеу;
- жаттығуларды орындау ғана емес, сондай-ақ болжам жасау [1; 2; 3].

Оқушыларға өз сөзімен түсіндіруге мүмкіндік бере отырып, мұғалім оларға тақырыпты білуі мен түсінуінің арасында байланыс орнатуға мүмкіндік алады, кез келген қате түсініктерін анықтай алады [14].

Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, тарихты оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін пайдаланғанда оқушыны субъект тұрғысынан қарастырғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең басты, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығушылығы артып, оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, оқушының ізденушілік-шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері артады [4; 5; 6;7; 8; 9].

Деңгейлеп саралау–мұғалімнің де, оқушының да белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. А.С.Выготский зерттеулерінде: “әр баланың өз деңгейі болатындай, әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Әр баланы өзінің даму зонасында жетілдіру керек” деп атап көрсетеді. Деңгейлеп оқытудың тиімділігі мен мүмкіншілігі мол [11, 42].

Деңгейлік тапсырмалардың ауқымы өте кең. Оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығулар-өткен ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған жұмыстар жүйесі. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке қол жетеді [11].

Ғалымдар еңбектерінде деңгейлеп оқыту технологиясын енгізудің себебін, оқу ақпараттары көлемінің ұлғаюуы, оқушыларға түсетін «салмақтың» артуымен байланыстырады[11;12;13;14].

Деңгейлеп оқыту- оқулықтағы ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқытудың мақсаты-әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етуі болып табылады[ 6 ; 8 ].

Дамыта оқыту – жеке тұлғаны жетілдіреді, оның дамуына бағыт беріп, олардың белсенділік, адамгершілік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға себін тигізеді. А.С.Выготскийдің “Білім беру тек дамудың алдында болғаны пайдалы болады” деген пікірін ескеріп, оларды дамыта оқытудың бағдарламалық, проблемалық, ақпараттық, т.б. түрлеріне негіздеп күнделікті сабақтың тиімді бөлімдеріне қарай бағдарлап оқыту көзделген[6; 8; 14]. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында; мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде; әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде; оқу үрдісінің мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде; олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде, т.б[ 6; 8;15 ].

Модульдік оқыту технологиясы–оқушы өздігінше мақсатты жеке бағдарламамен (толық немесе бөлімдермен) оқитындай етіп оқыту үрдісін өзгертеді, қайта құруға бағытталған.

Модульдік оқытудың мақсаты: оқушының өздігінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істей білуге үйрену [16;17 ].

М.Жанпейісованың еңбегі тікелей модульдік оқыту технологиясына арналған [13].

Модульдік оқыту ХХ ғасырдың 60-жылдарында қалыптасып, ағылшын тілді елдерде тез етек жайды.

Модульдік оқыту технологиясы оқушылар өздігінен мақсатты, жеке бағдарламамен (толық немесе бөлімдермен) білім алатындай етіп оқыту процесін өзгертуді және қайта құруды көздейді. Модульдік оқытудың «өзегі» –оқу модулі, яғни бөлім не бөлік. Модуль дегеніміз –қандайда бір жүйенің, ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі.

Ол: •ақпараттардың жиынтығы;

•оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан;

•бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан тұрады[13].

Топтық оқыту технологиясы – бірлесіп жұмыс істеуге, өз ойын дәлелдеуге, өз пікірін еркін айтуға үйретеді. Ұжымдық іс - әрекетте жұмыс істеуге негізделген..

Жобалау технологиясы. Бұл әдіс білім алушыларға ойша аудиториялардан шығып, талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің артықшылығын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады.

Сонымен, қорыта келгенде, педагогикалық технологияны дұрыс құрастыру оқу-тәрбие процесінің тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға, жеке тұлғаның өзіндік құндылықтарын, алған білімін жаңа жағдайда өмірлік тәжірибесінде қолдануға себін тигізеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.-Астана., 2017.*

2 *2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.- Астана, 2016. 5-б.*

3 *2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат.- Астана, 2017. 5-б.*

4 *«Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. 10-б.*

5. *Чошанов М.М. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. - М.: Просвещение, 1996. 158 с.*

6. *Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. Учебное пособие для студентов. –М.: Прометей, 1992. 528 с.*

7. *Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии.- М.: Педагогика, 1989. 192 с.*

8. *Кобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру. –Алматы, 2002. 45 б.*

9. *Монахов В.М. Аксиоматический подход к проектированию педагогической технологии// Педагогика, 1990. №3. С. 67-69.*

10. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии. Учебное пособие для педагогических вузов и ИПК.* -М.: Народное образование, 1988. 255 с.
11. Кларин М.В. *Педагогическая технология в учебном процессе: Анализ зарубежного опыта.* – М.: Знание, 1989.- 80 с.
12. Исаев С.А, Ахметова О.С. *Новая образовательная парадигма в системе образования Казахстана // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIR, vol.3, 2011, Paris, France. –P.75-80.*
13. Жанпейсова М. *Модульдік оқыту технологиясы.* Алматы., 2000.
14. Нагымжанова Қ. М.. *Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері.*- Өскемен, 1999.
15. Хуторской А.В. *Ключевые компетенции. Технология конструирования// Народное образование, 2003, № 5. С. 55-61.*
16. Юсуфбекова Н.Р. *Педагогикалық инноватиканың жалпы негіздері: білім берудегі инновациялық процестердің теориясын талдау тәжірибесі.*-М., 1991
17. Әбдіғұлова Б.Қ. *«Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының оқып үйрену жолдары.*- Алматы., 2013. 100 б.
18. Әбдіғұлова Б.Қ. *Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі.*-Алматы., 2012. 240 б.
19. Выготский Л.С. *Воображение и творчество в детском возрасте.* -М.: Просвещение, 1967. 216 с.
20. Ананьев Б.Г. *Человек как предмет познания.* –М., 1977. -380 с.
21. Бұзаубақова К.Ж.. *Жаңа педагогикалық технология. (Оқулық) Тараз. ТарМУ, 2003.*
22. Өстеміров Қ., Айтбаева А., *Қазіргі білім беру технологиялары,* Алматы, 2006.